



# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

Өкілдік сот өндірісі





## Жоспар:

1. Декларация – жеке талап қою бойынша өтеудің бастамасы
  2. 1998 ж. АСӨ Ережесі қабылданға дейінгі өкілдік талқылау кезінде ақшалай өтемақы беру туралы шешім
  3. 1998 жылғы АСӨ Ережесі бойынша өкілдік талқылауға ақшалай өтемақы беруді тағайындау
  4. Тиісті топ мүшелерін анықтаудағы күрделі мәселелер: «кепілді жүйе» топтық талқылау туралы бұйрықты пайдалану мүмкіндігі ретінде
  5. Келтірілген зиян мен өзге де шығындарды өтеу туралы шешім
- Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

## 1. ДЕКЛАРАЦИЯ – ЖЕКЕ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ӨТЕУДІҢ БАСТАМАСЫ

Prudential (1981 ж) ісінде судья Vinelott екі этапты үдерісті анықтады:

I. Өкілдік ететін топ алдындағы жауапкердің міндетін белгілейтін өкілеттілік әрекеттер;

II. Топ мүшелерінің жеке талап қоюлары бойынша келтірілген шығынды сандық бағалау.

Судья Vinelott ойынша кейінірек жауапкердің әрекетінен жапа шеккен өзге тұлғалар өкілдің талап қою бойынша сілтеме жасап, жауапкердің «декларативтік» жауапкершілігін белгілей алады. Судья Vinelott Лорд-Судьялар Vaughan-Williams және Fletcher-Moulton-тің Markt (1910) ісіндегі шешімдегі талап қою бойынша шығынды өтеуге байланысты бірқатар теріс жақтарды анықтады. Кейінірек, судья Vinelott Prudential (1981) ісі бойынша келесі қаулыны шығарды:

### Prudential (1981) ісі үш негізгі жағдайға байланысты өкілдік талқылау жүргізді:

1) Егер талап қою жеке ұсынала алмайтын немесе жауапкерге жеке талап қоюда көмек алуға тыйым салынған жағдайда өкілдікке рұқсат берілуі мүмкін. Егер азаматтық талап қоюлардағы әрекет әртүрлі себепке негізделсе, ешбір бұйрық толық түрде... өкілдік әрекет деп таныла алмайды.

2) Топтағы мүшелер қатысатын істе ортақ «қызығушылық» болуы керек, яғни топтағы әрбір мүшенің әрекетінде ортақ белгі болуы керек.

3) Талап қоюшы өкіл дәл осы топ қызығушылығының әрбір мүшесі үшін әрекет етіп жатқандығына және істің толық шешілуі үшін барлық дәлелдер ұсынылғандығына соттың көзі жетуі қажет.

Сондай-ақ судья Vinelott талап қоюды ұсынған кезде кездесетін әртүрлі мәселелерді де атап өтті.

Англияның Prudential ісіне қарағанда, АҚШ-та топтық талап қоюда екі кезеңнен тұратын сот талқылауын бір сот өндірісіне біріктіріп, салдарынан жауапкерге жеке талап қою бойынша шығынды өтеу туралы өтемақы берілуі мүмкін. Бұл — АҚШ адвокатын келісім-шарт бойынша күтпеген шығындарға төлем кепілдігінсіз жұмыс жасауға ынталандырады. Бір кезеңде шығындарды өтеу — жауапкерге жасалатын қысымды ұлғайтады.

Бұл жөнінде John Sorabji былай деп атап өтеді:

Федералды сот өндірісін жүргізу ережесінің 23(а) бөлімі әрекетті топтық әрекет деп танудың төрт негізгі шартын белгілейді:

1. Көп жақтылық
2. Ортақтық
3. Типтілік
4. Топтың қызығушылығын әділ қорғайтын өкілдік топ

АҚШ федералды ережесі топтық талап қоюға қатысты келесі шартты белгілейді:

- 1) Тараптардың көп болғаны соншалық, істі қосып жүзеге асыру іс жүзінде мүмкін емес;
- 2) Топтағы іс бойынша ортақ жағдайлар мен құқықтар басым болуы;
- 3) Өкілдік топ үшін ортақ талап пен қорғаныстың болуы;
- 4) Өкілдің топ қызығушылығын әділ әрі жан-жақты қорғауы.

Сондай-ақ Ереже үш жағдайды ерекшелеп көрсетеді:

1. Біріктіру топ көлемінің үлкен болуына байланысты мүмкін емес;
2. Сот тыйым салуы қажет болған жағдайда топтық талап қою мүмкін емес;
3. Топтық талап қоюда көрсетілген өтемақы «дауды тиімді әрі әділ шешуде өзге заңмен рұқсат етілген



жолдардан асып түсетін» болса өкілдік талап қою мүмкін емес.

## **2. 1998 Ж. АСӨ ЕРЕЖЕСІ ҚАБЫЛДАНҒА ДЕЙІНГІ ӨКІЛДІК ТАЛҚЫЛАУ КЕЗІНДЕ АҚШАЛАЙ ӨТЕМАҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ**

Талап қоюда шығындарды өтеу туралы өкілдік талқылау сирек жүргізілетініне қарамастан, жеңіске жеткен бірнеше істі атап өткен жөн:

1. Өкілдік ететін тұлғаларға тиесілі қаржы алдын-ала белгіленген және нақты анық болған іс (мысалы, кеме батып кеткен жағдайда, кемеге тиелген жүк иесінің әрқайсысы өз шығындарының көлемін нақты біледі: Monarch SS, (1947) ісі).
2. EMI Records Ltd қарсы тарап Riley (1981) ісі бойынша судья Dillon шешімі (жауапкер көше сатушысы, ол зияткерлік құқыққа қарсы әрекет жасау барысында ұсталған. Көптеген қызығушы тараптардың зияткерлік құқығына нұқсан келтіріліп, олардың рұқсатынсыз, кассеталар мен жазбаларды көшеде сату барысында ұсталған):

Аталған істе өкілдік арқылы талап қойған тараптың шығыны сот тергеуі (Канцелярия немесе Queen's Bench Master жүргізеді) арқылы анықталсын. Сот тергеінің жүргізілуі топ мүшелері сот талқылауы барысында шығын көлемі анықталғаннан кейін, келтірілген шығын арнайы қордың пайдасына төленсін деген келісімге келген жағдайда ғана мүмкін. Судья Dillon шығынды өкілдік негізінде өтеу туралы шешім шығарды. Шығынның сандық көлемі тергеу арқылы анықтауды қажет етеді. Жауапкердің жалпы жауапкершілігі қанша рет авторлық құқықты бұзғанына қарай анықталады. Авторлық құқығы бұзылған әншілер мен жазбаны жазатын компания іске жеке қатысып, одан өтемақы алудан бас тартты. Оның орнына шығын біліктілікті «қадағалау органына» өтелуі қажет деп шешілді.

Осылайша, өкілдік талқылау арқылы өтетін істердегі шығындарды өтеу туралы шешім әртүрлі жағдайларға байланысты екенін байқауға болады.

1. Аталған шешім соттың шығын келтірілген әрбір сот ісіне қатысушы талап қоюшыға жауапкермен келтірілген шығынның көлемін білуі керек (Monarch SS ісі);
2. Талап қоюшыларға келтірілген шығынның өтемақысы мен оның нақты қалай өтелетіндігі маңызды емес (EMI Records Ltd қарсы тарап Riley ісі).

## **3. 1998 ЖЫЛҒЫ АСӨ ЕРЕЖЕСІ БОЙЫНША ӨКІЛДІК ТАЛҚЫЛАУҒА АҚШАЛАЙ ӨТЕМАҚЫ БЕРУДІ ТАҒАЙЫНДАУ**

Жаңа іс жүргізу туралы Ереже қабылданғаннан кейін өкілдік талқылауға өтемақыны тағайындау икемдірек жүзеге асырылуы керек. Соттар ортақ қызығушылық (common interest) пен талап қою шарттарының бірегейлігіне көбірек назар аудару бастағаны жөн.

Соттар (100 жыл бұрын мерзімге қарағанда) іс-жүргізуді тиімді жүзеге асыру үшін іс-жүргізудің жалпы мақсатын анықтауға көбірек мән бере бастады. Millharbour Management Ltd v. Weston Homes (2011) ісінде Үлкен сот шешім шығарды. Соған сәйкес тиісті топ атынан өкіл өтемақы талап еткен кезде, тиісті жағдайларға байланысты өкіл әрекеттер жасай алады. Сондай-ақ азаматтық құқық бұзушылықтың нәтижесінде зиян шеккен екі мәлімгер әртүрлі топтың өкілдері болуы мүмкін.

Millharbour Management Ltd v. Weston Homes (2011) ісінде судья Akenhead қаулы шығарды, ұсынылған мәлімгерлер өзге топ мүшелеріне келтірілген шығынмен қатар, өздеріне келтірілген жеке шығын мен зиянның өтемақысын талап етуге құқылы. Тиісті әрекеттер қатарына келісімді бұзу немесе құқық бұзушылық болуы мүмкін. Талап қою себептері келісім-шарт құқығын қоса есептегенде, кез-келген азаматтық құқық бұзушылыққа, құқық бұзушылық үшін әділ өтемақы беретін заңға негізделуі мүмкін. Судья Akenhead (істі қайта қарағаннан кейін) былай деп мәлімдеді: заң мен тәжірибенің дамуына қарай, талап қоюшы өкіл ретінде талап қойып келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы; өкілдің мәлімдемесі декларативті қорғаумен ғана шектелмейді». Ол сонымен қатар АСӨ 19.6 Ережесі бойынша сот өкілдік талқылау ісі бойынша істі жалғастыруды өз қалауы бойынша шешуіге құқылы.

Millharbour (2011) ісінде пәтер сатып алушылары мен сауда делдалдры тұрғын үйді жалға алып, ол үйдің сапасына қатысты шағым түсіреді. Жауапкер-құрылысшы қанағаттанарлық деңгейде тұрғын үйді салмаған. Үй салу барысында жіберілген қателіктердің салдарынан қымбат жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру қажет болған. Алдымен жөндеу жұмыстарының шығынын жалға алушылар атынан жауапты басқарушы компания мойнына алады. Кейін ол шығындар басқарушы компания мен жалға алушылар



арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес, жеке жалға алушыларға беріледі. Сотқа берілген өкілдік талап қою әртүрлі жалға алушылар тобына өтемақы алуға мүмкіндік беру үшін жасалған. Бұл өтемақы кейін басқарушы компанияға жүргізілген жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығынды өтеуге жұмсалатын болады.

Нәтижесінде:

Келтірілген зиянды өтеу туралы өкілдік талап қоюға рұқсат етіледі, егер:

- Сот шешім шығарған кезде өкілдік топ пайдасына төленетін қаржының жалпы көлемін анықтауға мүмкіндік туындаса;
- Сот шешім шығарған кезде келтірілген шығынды өтеу туралы өкілдік құқықтың құнын анықтай алса.

Дәл осы қаулыда өкілдік талқылауды жүргізу барысында қол жеткізілетін іс-жүргізудің тиімділігі атап өтілді.

Жауапкер тарапынан жапа шеккен әрбір қатысушы іске толық қатысушы ретінде қатыса алады;

Өкілдік талап қою іс жүргізу шығындарынан құтылуға мүмкіндік береді.

Millharbour (2011) ісінде судья Akenhead өкілдік талқылауда прецеденттік құқықты қарай отырып, төмендегідей қорытынды жасады:

АСЕ 19.6 ережесі мен билік органдарының сөздерінен келесі қағидаларды атап өтуге болады:

1) Өзгелердің атынан талап ету немесе өкілдік талап қою үшін, тараптың талап қоюда бірегей қызығушылығы болуы керек. Сот кез-келген тараптың өкілдік талқылауын қараған кезде орын алған азаматтық құқық бұзушылыққа деген бірегей қызығушылық пен бірдей фактілердің болуы ең төменгі қойылған талаптардың бірі.

2) Талқылаудың кез-келген кезеңінде тұлғаның өкілдік етіп тұрған топқа мүшелік етуге құқығын орнатуға мүмкіндігі болуы керек.

3) Өкілдік етіп отырған тарап пен өзге де тараптардың іс бойынша бірегей қызығушылығы талап қою бойынша нақты фактілер негізінде анықталады.

4) Нақты шешім шыққанға дейін сот тараптарды тындап, өкілдік пен тараптардың бірегей қызығушылығы туралы жазбаша айғақтарды анықтап алғаны жөн.

- Бірегей қызығушылықты анықтағаннан кейін, сот тиісті тарапқа өзі немесе өкілі арқылы әрекет етуге рұқсат беру құқығына ие. Сот шешімінің барлығы орындау міндетті немесе міндетті емес екендігі туралы да сот өз қалауы бойынша анықтайды.

- АСӨ Ережесі 1 бөлімінің негізгі мақсаты соттың іс барысындағы өз қалауымен әрекет етуіне байланысты. Тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдеу істі қарау барысында соттың ескереуі қажет негізгі факторлар болуы қажет.

2003 ж. *Independiente Ltd v. Music Trading On-Line (HK) Ltd* (2003) ісінде жаңа процессуалдық кодекстің күшіне енгеннен төрт жылдан кейін өкілдік талқылауға байланысты либералды қатынас танытыла бастады.

Вице-канцлер Морриттің көрсетуінше:

«Азаматтық сот өндірісі ережесіне сай... АСӨ Ережесінің 1 бөлімінде көрсетілген негізгі мақсатқа сай «бірегей (аналогия) қызығушылық» пен АСӨ Ережесінің 19.6 ережесін икемді қолдану нақты түсініктемені қажет етеді. Ережеге сай, үш сұрақ туындайды:

1. ортақ қызығушылық
2. ортақ талап қою
- 3 талап қоюшылар талап етіп жатқан құқықтық көмек өзінің сипаты бойынша әділ болып табылады ма.

Аталған істе талап қою мазмұны бойынша:

1. сот тыйым салуы нысанындағы мәжбүрлі шараны қолдану

2. топ мүшелерінің авторлық құқығын бұзғаны үшін өтемақыны талап ету.

Жауапкер авторлық құқық иегерлерінің рұқсатымен Еуропалық экономикалық аймақтан тыс жерде компакт-дисктарды сату үшін [www.cd-wow.com](http://www.cd-wow.com) сайтына қолданған. Талап қоюшылардың өкілі аталған дисктардың Біріккен Королдікке импортталуын олар өкілдік етіп отырған авторлардың құқығын бұзу болып табылатындығын көрсетеді. Сондай-ақ талап қоюшы мен ортақ талап қоюшылар барлық «Бритиш Фонографик Лтд, БиПиАй» мен «Фонографик Перформанс Лтд, ПиПиЭл» мүшелері атынан әрекет етуге құзырлы екендігін жеткізді.



Аталған іс бойынша Эндрю Морритт Қаулысына сай:

1. Бұл істе ортақ қызығушылық орын алған: авторлық құқықты бұзып компакт-дисктерге аталған сайт арқылы тиісті дыбыс жазбаларын жазу Біріккен Королдік заңнамасын бұзу болып табылады ма деген мәселе барлық қатысушыларға ортақ, себебі барлық сатылым бір жолмен жүзеге асырылған;
2. I, VPI және PPL өкіл ретінде әрекет етуге құзыреттіліктің берілмеуі құқықтық тұрғыдан дұрыс болып табылмайды;
3. Сот істі қарау құқығын өкілдік талқылауға кедергі келтіру үшін пайдаланбауы керек: Бритиш Фонографик Лтд, БиПиАй, және Фонографик Перформанс Лтд, ПиПиЭл мүшелері талқылау туралы білмеді деп мәлімдеуге болмайды; сондай-ақ олар авторлық құқықты бұзып, Біріккен Королдікке жіберіліп тұрған импорттық өнімге келісім беретін еді деген тұжырыммен келісуге болмайды.

Өзге тұлғаны сотта таныстыру мен оның атынан талап қоюды ұсыну құқығы, егер тұлға АСЕ 19.6-тармағына сәйкес, «талап қоюда бірегей (аналогиялық) қызығушылығы» болған жағдайда туындайды. Айта кететін жайт, «қызығушылық бірегейлігі (аналогия)» түсінігі Жоғарғы сот ережесі туралы Бұйрықпен (Rules of the Supreme Court order) белгіленген (15(12) ережеге сай келеді. Демек, ескі ережеге қатысты қолданылған қағидалар жаңа жағдайға байланысты да қолданылады.

...Ортақ қызығушылық тиісті топқа, компанияға немесе лицензия негізінде Біріккен Королдікте дыбыс жазбасын жазудағы авторлық құқыққа ие тараптардың ортақ қызығушылық фактісінен туындайды. Ортақ наразылық CD-WOW сайтының жұмысына қатысты туындаған. Себебі тиісті топ немесе компания аталған құқыққа ие, ал жауапкердің құқыққа қайшы әрекеті, яғни аудиожазбасы бар компкт-дистерді сату әрекетінен Тиісті топ мүшелеріне зиян келген. Компакт-дисктерді Біріккен Королдікте дыбыс жазбасына авторлық құқықты бұзып сату бір тәсілді пайдаланып жасалғандықтан, барлық Тиісті мүшелер үшін ортақ талап қоюға итермелейді. Бұл істе тиісті мүшелерге қатысты жеке-жеке талап қою қисынсыз. Жеке талап қою әрбір тиісті мүшенің талап қоюы әртүрлі жағдайда зиян келгенде орынды болатын еді.

Қажетті құқықтық қорғау тәсілі келесі жағдайларда орын алады:

- 1) соттың тыйым салуы кезінде;
- 2) келтірілген зиян үшін өтемақыны талап ету кезінде.

Келтірілген зиян үшін өтемақыны талап ету жеке талап қоюшы мен тиісті мүшелер үшін де тиімді. Іс бойынша өтелген өтемақыға иелік ету жауапкерге қатысты болмайды, себебі ол әрбір талап қоюшының өз құқығы. Талап қоюшымен БиПиАй-ға 2002 ж. 4 қазанда жіберілген хат талап қоюшылар мен тиісті мүшелер үшін міндетті емес. Егер Тиісті мүшелер өтемақының БиПиАй-ға төленетінімен келіссе, ол өзара шешілетін мәселе. Тиісті мүшелердің қалауы өтемақыдан әрбір талап қоюшы пайда табатындығына қарсы келмейді.

1988 ж. Авторлық құқық туралы заңның 105 бабы белгілеген презумпциясына сай, талап қоюшылар талап еткен соттың тыйым салуынан Тиісті мүшелерге пайда келмейді деп санауға ешбір себеп жоқ. Аталған себепке байланысты талап қоюшы мен Тиісті мүшелер талап қоюы «бірегей қызығушылық» негізінде жасалған.

Сонымен, егер талап қоюшы мен тиісті мүшелердің іс бойынша талап қоюы бірегей қызығушылыққа негізделсе, жалпы талап қою өкілдік талап қою ретінде қарастырыла алады.

#### **4. ТИІСТІ ТОП МҮШЕЛЕРІН АНЫҚТАУДАҒЫ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР: «КЕПІЛДІ ЖҮЙЕ» ТОПТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІ РЕТІНДЕ**

Emerald Supplies Ltd қарсы тарап British Airways plc (2009 және 2010) ісінде жүк тасымалы тарифтеріне қатысты картелдік келісімге қатысқан 200 жуық талап қоюшы әуе компаниясына талап қоюға талпынған. Бұл істе өкілдік талқылауға қатысты даулы мәселе туындаған. Атап айтқанда, қаржылық құқық бұзушылықтан жапа шеккен мүмкін болатын «құрбандарының саны» әуе компаниясының контрагенттері тұтынушыларға тарифтерді жоғарылатты ма деген мәселеге байланысты. Істі бірінші инстанцияда қараған Sir Andrew Morritt қаулысына сәйкес, тиісті талқылаудың басында өкілдік талап қойыла алмайды, себебі аталған кезеңде нақты топ мүшелерінің санын анықтау мүмкін емес. Сондықтан ондай тұлғалар үшін топтық талқылау туралы бұйрыққа (Group Litigation Order) сәйкес анықталған тұлғаларға ортақ талап қоюды жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі. 2010 жылы апелляциялық сот істі қарау барысында шешімді



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Өкілдік сот өндірісі

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

қолдап, аталған кезеңде өкілдік талқылауды жүзеге асыру мүмкін емес екендігін көрсетеді. Талап қоюға жиналған топ, өкілдік ережесіне сай келмеген. Лорд-судья Mummery іс бойынша өзінің келесі шешімін таныстырды:

«Кез келген адамға зиян келтірілгені туралы айтпас бұрын, жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдауға тура келеді... өкілдік талап қою аталған іске сай келмейді. Себебі өкілдік талап қоюшылар алдындағы жауапкершілік мәселесі толық шешілмеген. Сондай-ақ шешім міндетті болып табылатын өкілдік топқа жататын мүшелердің саны толық анықталмаған. Сондай-ақ өкілдік тек сот шешіміне ғана қатысты емес, сондай-ақ талқылаудың барлық кезеңінде болуы керек. Өкілдік топтың мүшелері антимонополиялық заңды бұзу салдарынан келтірілген шығындарға қатысты бірегей қызығушылықта емес. Себебі өкілдік топ мүшелерінің кейбірі сатып алу үшін алдын-ала төлем жасағандар болса, келесі өкілдік топ мүшелері алдын-ала төлем жасамаған.

Талап қоюшылар Emerald (2010) ісі бойынша Біріккен Королдіктің Жоғарғы сотына берген өтініштерін істің апелляциялық сотта қаралуы үшін қайтарып алды. Апелляциялық соттың істі өкілдік арқылы қарауға рұқсат бермеуі соңғы шешім болды. Дегенмен Rachael Mulheron Emerald (2010) ісін сынға алды. Оның ойынша Emerald (2010) ісі Prudential Assurance Co Ltd қарсы тарап Newman Industries Ltd (No 1) (1981) ісімен ұқсас. Екі істе де топ мүшелері бірегей қызығушылықты көрсетіп, аяқталмаған декларативтік шешімді алуға талпынған. Іс оңтайлы шешілген жағдайда, қабылданған шешім жауапкершілікті анықтау қағидасын белгілеуге негіз болатын еді. Сонда ғана іске қызығушылық танытқан топ мүшелері нақты шығындарын дәлелдеп, кейінгі жеке сот талқылауынан кейін шығынды өтеп алуға мүмкіндігі болады. Осылайша, Emerald (2010) ісі бойынша Апелляциялық сот шешімі Prudential ісіндегі секілді істі «бірегей қызығушылыққа байланысты» бірнеше кезеңге бөліп қарауға дайын болды ма деген негізгі қағидаға байланысты. Сондай-ақ Emerald (2010) ісі бойынша шешім Mulheron көрсетуі бойынша, Irish Shipping Ltd қарсы тарап Commercial Union Assurance Co Ltd (The Irish Rowan) шешіміне қарама-қайшы келеді. Irish Shipping Ltd қарсы тарап Commercial Union Assurance Co Ltd (The Irish Rowan) ісінде өкілдік ережесіне сай бөлек талап қоюға рұқсат берілген. Лорд-судья Purchas аталған істе әртүрлі талап қою істі өкілдік арқылы жүргізуге қарсылық келтірмейтіндігін айтады.

Mulheron ойынша Emerald (2010) ісінде қарама-қайшылықты реттеу үшін жауапкердің келтірілген зиянды өтеуіне қатысты «әртүрлі тәсілдерді» пайдалануына болатын еді, атап айтқанда:

- әртүрлі топтаға бөлу (sub-classing);
- топты қайта анықтау (class re-definition);
- ұсынылған талап қою топ мүшелерінің қызығушылығына сай келмесе немесе ол мәселе талап қоюдың аясына кірмейтін жағдайда, талап қоюдан бас тартуға мүмкіндік беру.

Тіпті «бірегей қызығушылық» әртүрлі анықталатынына қарамастан, осындай істер қатары көбеюі екіталай. Бұл жерде іс жүргізуге қатысты шығындар мәселесі әлі де тежеуші фактор болып табылады. Судья Винелоттың Prudential Assurance Co Ltd v. Newman Industries Ltd (№ 1) (1981) ісі бойынша жасалған екі кезеңнен тұратын өкілдік талқылауы, мұндай істердің кең етек алуына ықпал еткен жоқ:

1. өкілдік топ мүшелері алдындағы жауапкердің жауапкершілігін белгілейтін талап қоюы;
2. өтеуге қажетті топ мүшелерінің жеке талап қоюлары бойынша анықталған шығындары.

## 5. КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯН МЕН ӨЗГЕ ДЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ

Іс бойынша нақты жағдай төмендегідей:

1. Өкілдік талқылау бойынша әртүрлі талаптардың болуы істі жүргізуге кедергі келтіреді ма деген даулы мәселенің туындауы;

2. Талап қою әртүрлі келісімдер негізінде жасалғандығы маңызды емес;

3. Нақты келтірілген шығындар туралы шешім өкілдік талқылау барысында шығарылады.

Шындығында іске қатысты маңызды сауалдар болып табылады:

1. Өкілдік талқылаудың мақсаты жекелеген талап қоюлар үшін келтірілген зиян мен өзге де шығындарды өтеуге негіз болатын құқықтық платформаны қалыптастыру болып табылады ма: Prudential Assurance Co Ltd қарсы тарап Newman Industries Ltd (No 1) (1981) ісі;

2. Егер құқықтық платформаны қалыптастыру негізгі мақсат болмаса, өкілдік талқылау барысында келтірілген зиян мен өзге де шығындарды өтеу туралы талап болған кезде сот назарға алуы керек:



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Өкілдік сот өндірісі

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

---

келтірілген шығынды өтеудің нақты көлемін анықтау, немесе:

а. Жеке тұлғалардың үлесі мен нақты құқығын анықтау;

б. Талап қоюшы бірлестікке өкілдік ететін тұлға өтемақыны әділ үлестіру үшін өкілге барлық келтірілген шығынды толық өтеу.

### **Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер**

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.